Қарағанды техникалық университеті
«Өнеркәсіптік көлік» кафедрасы
**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша**
«Қазақ ақындарының шығармаларындағы ұлттық рух» тақырыбына
кураторлық сағаттан шеберлік сабағын өткізу бойынша есеп беру

**Өткізілген күні:** 24 қараша 2020 **уақыты:** 15.00-15.40

**Өткізу орны: корпус/ауд.:** ҚарТУ, 1 корпус, 165 аудитория (онлайн)

**Қатысушылар:** 47 (6 оқытушы, 41 студент)
ЖКФ деканы Курмашева Б.К.
ӨК кафедрасының м.а. Аскаров Б.Ш.
Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі Қалыбекова Қ.С.
ӨК кафедрасының оқытушылары: Абдыгалиева С.Ж., Кенжекеева А.Р., Косбармаков С.Ж.
ОП-18-1стобының студенттері 4 адам;
ОП-19-1стобының студенттері 12 адам;
ОП-19-1с стобының студенттері 13 адам;
ОП-17-2 стобының студенттері 12 адам.

**Аналитикалық анықтама:**

**Кураторлық сағаттың мақсаты**: Ғасырлар бойы жинақталған ұлттық педагогиканың негізгі құндылықтарына жататын қазақ ақындарының шығармаларындағы ұлттық мазмұн мен рухани күшке бай өлең-жырлар арқылы студенттердің ұлттық таным түсінігі деңгейіндегі сезім түйсіктеріне әсер ете отырып, олардың бойындағы еліне, жеріне деген тұлғалық көзқарастарын дамытып қалыптастыру. Рухани әлемінің жаңғырып өз ұлтына деген мақтаныш сезімдері мен жауапкершілік қасиеттерінің өзара байланыста дамуына ықпал ету, бағыт-бағдар беру.

**3. Кураторлық сағаттың міндеттері:**

**3.1 Танымдылық:**
Елдік мұратты жырлап өткен атақты ақындардың шығармалары арқылы олардың ұлтқа қызмет ету тұрғысындағы ұстанымдары мен өмірлік мақсаттарын болашақ жастарға таныстыру.

**3.2 Дамытушылық:**
Оқушы бойындағы ұлттық рухани сезімдерідің бір арнаға тоғысып, ұлттық деңгейдегі тұлғалардың қуатты ойдан туындағын шығармаларымен үндесіп қолдау табуына ықпал ету.

Әлемдік жаһандану заманында саяси әрі әлеуметтік тұрғыдан өз ұлтының мұң-зары мен жай-күйін тереңірек түсінуге, ұлтына адал қызмет етерлік бір мақсаттың төңірегінде топтасуға, бірлікке жол ашу.

**3.3 Тәрбиелік:**

Тәрбиелік мәні зор ақындардың өлеңдерін жаттату арқылы оқушы санасында ойлы өлең тіркестерінің сақталып қалуына мүмкіндік жасай отырып, олардың бойында елін сүйер абзал қасиеттердің үнемі жаңғырып, жаңарып отыруына жол ашу.

**4. Өткізу түрі:** Халықтың ұлттық рухын сақтап қалуға ықпал еткен ақындардың қысқаша өмірбаяны мен өлең-жырларын талдау.

**5. Өткізудің негізгі әдістері:** ақпарат беру, талдап түсіндіру, әртүрлі ойындар арқылы түпсанада жатқан рухты ояту

**Қол жеткізілген нәтижелер:** Шеберлік сабағының мақсаттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. Қазақтың рухты ақындарының өнегелі өмір жолдары мен шығармашылығы таныстырылып, бір шығармасынан бейнелі жазба тыңдалып, талданды. Студендердің жадын жаңғырту, рухын ояту мақсатында ойындар ойнатылды.

**БАҚ, ҚарТУ баспасөз қызметі, блогерлер т. б. тарату:** Сайт ҚарТУ
**Сайтқа сілтемелер:** https://www.youtube.com/watch?v=kiN5kBifmKI&feature=youtu.be
















































**Жауапты ұйымдастырушы**  **Атькен Е.А.**